КОПИЯ/КӨШІРМЕ

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
# ШЕШІМ
(қысқаша)

2024 жылдын 29 қараша № 5501-24-00-2/3539 Іс город Павлодар

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрағалық етуші судья А.Т. Ищанов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарап,

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Павлодар облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
Шайзагул Аяубек «Shaiza» жеке кәсіпкері

**ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАБЫ:**
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

ҚР АПК-нің 109, 267-2 баптарын басшылыққа ала отырып сот,

**ШЕШТІ:**

«Павлодар облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің Шайзагул Аяубек «Shaiza» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Шайзагул Аяубек «Shaiza» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы болып танылсын.

Шайзагул Аяубек «Shaiza» жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне тұрақсыздық айыбын 23 047 (жиырма үш мың қырық жеті) теңге, мемлекеттік бажды төлеу бойынша шығыстарды 2 537 (екі мың бес жүз отыз жеті) теңге мөлшерінде өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімнің күшін жою туралы өтініш осы баптың екінші бөлігінде көзделген талаптар ескеріле отырып, осы Кодекстің 21-тарауында белгіленген ережелер бойынша қаралады.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

**Судья** **А.Т. Ищанов**

Көшірме дұрыс:
**Судья** **А.Т. Ищанов**

Құжатқа қол қойылған: Ищанов А. Т., 29.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.01.2025, судья Ищанов А. Т., 13.01.2025

5501-24-3-1/3873